

Кербұлақ ауданы бойынша 2024-2026 жылдарға халық үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған есептеу тарифтерін бекіту туралы

Күшін жойған

Жетісу облысы Кербұлақ ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 10 маусымдағы № 176 қаулысы. Күші жойылды - Жетісу облысы Кербұлақ ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 5 шілдедегі № 205 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Жетісу облысы Кербұлақ ауданы әкімдігінің 05.07.2024 № 205 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 365-бабы 4-тармағының б) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабы 2-тармағының сәйкес Кербұлақ ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 365-бабы 4-тармағының б) тармақшасы негізінде Кербұлақ ауданы бойынша 2024-2026 жылдарға халық үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған есептеу тарифтері 1- қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімінің м.а.

Ж.Жүнісбеков

Кербұлақ ауданы әкімдігінің 2024

жылғы _____ № _____

Қаулысына 1 - қосымша

2024-2026 жылдарға халық үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған есептеу тарифтері

№	Атаулары	Есептік бірлік	Баға, теңгемен (1 айға)
1.	Тұрмыстық қатты қалдықтарды жинау, тасымалдау, сұрыптау және көму тарифтері		
1.1	Абаттандырылған (Көппәтерлі тұрғын үй)	1 тұрғын - 1 м3	242,84
1.2	Абаттандырылмаған (Жеке тұрғын үй)	1 тұрғын - 1 м3	245,22
1.3	Заңды тұлғалар	1 м3	2856,97

2.	Тұрмыстық қатты қалдықтарды жинау, тасымалдау және көму тарифтері		
2.1	Абаттандырылған Көппәтерлі тұрғын үй)	(1 тұрғын - 1 м3	222,78
2.2	Абаттандырылмаған Жеке тұрғын үй)	(1 тұрғын - 1 м3	224,96
2.3	Занды тұлғалар	1 м3	2620,95

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК